

2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін Ресей Тарапының Қазақстан Тарапына жалгерлік ақының бір бөлігін 1999 жылғы кезең үшін тауарлармен төлеу жөніндегі есеп айырысудың тәртібі мен нысаны туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 20 желтоқсан N 1332

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін Ресей Тарапының Қазақстан Тарапына жалгерлік ақының бір бөлігін 1999 жылғы кезең үшін тауарлармен төлеу жөніндегі есеп айырысудың тәртібі мен нысаны туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттаманың жобасы (бұдан әрі - Хаттама) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Александр Сергеевич Павловқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Хаттамаға қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, келіссөздер жүргізуге және Хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін Ресей Тарапының Қазақстан Тарапына жалгерлік ақының бір бөлігін 1999 жылғы кезең үшін тауарлармен төлеу жөніндегі есеп айырысудың тәртібі мен нысаны туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі 2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін Ресей Тарапының Қазақстан Тарапына жалгерлік ақының бір бөлігін 1999 жылғы кезең үшін тауарлармен төлеу жөніндегі есеп айырысудың тәртібі

мен нысаны туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім деп аталады) 8-бабына сәйкес мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Келісімнің 5-бабындағы "мемлекеттік орган" деген сөздер "заңды тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) Келісімнің 6-бабының бірінші және екінші абзацтарындағы "мемлекеттік орган" деген сөздер "заңды тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап

Қазақстан Тарапы осы Хаттамаға қол қойылғаннан кейін 10 күндік мерзімде Келісімнің 5-бабына сәйкес Ресей Тарапын Қазақстан Тарапы уәкілеттік берген заңды тұлға мен оның заңды және қаржылық деректемелері туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

3-бап

Келісімнің 2-бабына сәйкес Ресей Федерациясы Қаржы министрлігінің тапсырмасы бойынша Сыртқыэкономбанкте 2001 жылғы 25 желтоқсанда ашылған 65 млн. АҚШ доллары сомасына еркін айырбасталатын валютадағы СТЭНД БАЙ (STAND BY) N 30/4318 тұрақты аккредитивінің қолданылу мерзімі 2003 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылады.

4-бап

Тараптар Тараптардың уәкілетті мемлекеттік органдары мен банктеріне қажетті іс-әрекеттерді жүргізуді және осы Хаттаманың 3-бабында көрсетілген тұрақты аккредитивінің шартына Қазақстан Тарапы уәкілеттік берген мемлекеттік органның бенефициарын (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті) Қазақстан Тарапы уәкілеттік берген заңды тұлғаға ауыстыруды қоса алғанда, Келісім мен осы Хаттамадан туындайтын өзгерістерді енгізуді тапсырады.

5-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге және қолдануға байланысты туындайтын даулар Келісімнің 7-бабында анықталған тәртіппен шешіледі.

6-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісімнің 8-бабына сәйкес ажырамас бөлігі болып табылатын Келісім бойынша міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін әрекет етеді.

2002 жылғы "___" _____ қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, бұл ретте екі мәтіннің де бірдей күші бар.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінін пайдаланатын болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін